

Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы  
Облыстық тілдерді оқыту орталығы  
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік  
педагогикалық институты

# «ТОРГАЙ ӨҢІРІНІҢ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАСЫ»

## ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ



2014 жылғы 15 қазан  
Арқалық қаласы

«Торғай өңірінің тарихи топонимикасы»  
ғылыми-практикалық конференциясының  
бағдарламасы

*Арқалық қаласы*  
*Б.Алтынсарин атындағы*  
*Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*  
*2014 жылғы 15 қазан, сағат 10.00.*

**Жинақтаушылар:**

**Ж.Қ.Ербатырова** – Қостанай облысы әкімдігі тілдерді дамыту басқармасының тілдерді оқытудың облыстық орталығы директоры  
**А.Ж.Садуақасова** – Қостанай облысы әкімдігі тілдерді дамыту басқармасы ономастикалық жұмыс бөлімінің бас маманы

<b>Уақыты</b>	<b>Модератор: Сейітбек Бекенұлы Қуанышбаев -</b> Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, педагогика ғылымдарының докторы
9.30-10.00	Қатысуышыларды тіркеу. Б.Алтынсарин атындағы мұражайға саяхат. Көркем сурет көрмесін тамашалау. Залға орналасу
10.00 – 10.05	Kіріспе сез. <b>Сейітбек Бекенұлы Қуанышбаев</b> – Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, педагогикалық ғылымдарының докторы
10.05 – 10.10	Құттықтау сез. <b>Жанболат Жұмабайұлы Үмбетов</b> – Қостанай облысы әкімдігі тілдерді дамыту басқармасының басшысы
10.10 – 10.13	Құттықтау сез. <b>Ғазиз Ерболатұлы Бекмұхамбетов</b> – Арқалық қаласының әкімі
10.13 – 10.28	«Сарыарқа топонимдерінің қалыптасуының тарихи-географиялық негіздері» <b>Қуат Табылдыұлы Сапаров</b> – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің физикалық және экономикалық география кафедрасының менгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор

10.28 – 10.43	«Біртұтас қазақ топонимикасы және Торғай өнірі» Бекжан Әбдуәлиұлы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия үлттүк университетінің қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы		Секция жетекшісі	1 секция – Торғай атаулары тарихы 14.00 – 15.00
10.43 – 10.58	«Тағылымды Торғай тарихы» Куанышбай Төребекұлы Орманов - Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты ректорының кеңесшісі	14.00 – 14.15	Қалқаман Хасенұлы Жақып - Қостанай мемлекеттік университеті А.Байтұрсынов атындағы мұражайдың директоры, профессор	«Көне Торғай өнірінің топонимикалық даму тарихының кейір ерекшеліктері» Елеусісов Баубек Аймаханұлы - Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақстан тарихы, құқық және экономика негіздері кафедрасының аға оқытушысы
10.58 – 11.13	«Жер тарихы – ел тарихы» Қалқаман Хасенұлы Жақып – Қостанай мемлекеттік университеті А.Байтұрсынов атындағы мұражайдың директоры, профессор	14.15 – 14.30	«Торғай өніріндегі кісі есімдерімен байланысты қоюылған жер-су атауларының тарихи маңызы» Байбосын Ләйлә Сәндібекқызы - Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақстан тарихы, құқық және экономика негіздері кафедрасының аға оқытушысы	«Торғай өнірі тарихындағы кісі есімдерімен байланысты қоюылған жер-су атауларының тарихи маңызы» Уахитов Балтабай Уахитұлы - Аудандық ардагерлер үйімінің төрағасы «Тарихи жәдігер – халық қазынасы» Елтебаева Гүлбану Төкенқызы - Облыстық Даала өлкесі тарихы мұражайының директоры
11.13 – 11.28	«Торғай аймагының жер-су атауларының шығу тегі» Шоптібай Байділдин - Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми жұмыс және халықаралық бірлестікті үйімдастыру бөлімінің маманы	14.30 – 14.45	«Амангелді ауданында кездесетін топонимикалық атаулар» Нұрлыбек Мағауияұлы Игіліков - А.Имановтың мемориалдық мұражайының директоры	«Амангелді ауданында кездесетін жер-су атауларының тарихи мәні» Уахитов Балтабай Уахитұлы - Аудандық ардагерлер үйімінің төрағасы «Тарихи жәдігер – халық қазынасы» Елтебаева Гүлбану Төкенқызы - Облыстық Даала өлкесі тарихы мұражайының директоры
11.28 – 11.43	«Амантогай ауылының аумағында кездесетін топонимикалық атаулар» Нұрлыбек Мағауияұлы Игіліков - А.Имановтың мемориалдық мұражайының директоры	14.45 – 15.00	2 секция – Торғай топонимикасының қазіргі келбеті	14.00 – 15.00
11.43 – 11.58	«Торғай өнірінің тарихы және ономастикалық атауларының ерекшелігі туралы» Гүлбану Құлетқызы Сәрсекей - Торғай мұражайлар кешені директоры		Секция жетекшісі	Конкина Гүлбаршын Спанқызы – Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының өнер тарихы факультеті деканының орынбасары, философия ғылымдарының кандидаты
11.58 – 12.18	Талқылау, пікір алмасу, ұсыныстар			«Қайран Қызыл қозым-ай!» Хамит Досжанов - Құрметті зейнеткер
12.18 – 12.30	Пленарлық мәжіліс жұмысын қорытындылау			
12.30 – 13.30	Түскі ас			
13.30– 14.00	Облыстық даала өлкесі тарихы мұражайының жұмысымен танысу	14.00 – 14.10		
14.00 – 15.00	Секциялық жұмыс			

калыптасқан және сақталған атаулары тарихтың қария шежіресіндегі. Санғасырлардан ата бабамыздан мұра болып келе жаткан салт-дәстүрімізбен, тарихымызбен біте қайнасып, астасып жаткан ел мен жердің атауларын келешек үрпақ білуі тиіс.

## МАЗМҰНЫ

Бағдарлама .....	3-6
<i>К.Т.Сапаров</i>	
Сарыарқа топонимдерінің қалыптасуының тарихи-географиялық негіздері .....	7-13
<i>Б.Әбдуәлиұлы</i>	
Біртұтас казак топонимикасы және Торғай өнірі .....	13-19
<i>К.Т.Орманов</i>	
Тағылымды Торғай тарихы .....	20-27
<i>К.Х.Жақып</i>	
Жер тарихы – ел тарихы .....	27-32
<i>Ш.Байділдин</i>	
Торғай аймағының жер-су атауларының шығу тегі .....	32-47
<i>К.Ж.Абжанова</i>	
Ономастика және мемлекеттік мұдде .....	47-51
<i>Г.Қ.Сәрсекей</i>	
Торғай өнірінің тарихы және ономастикалық атауларының ерекшелігі туралы .....	51-59
<i>Б.А.Елеуісов</i>	
Көне Торғай өнірінің топонимикалық даму тарихының кейір ерекшеліктері .....	59-67
<i>Л.С.Байбосын</i>	
Торғай өнірі тарихындағы кісі есімдерімен байланысты қойылған жер-су атауларның тарихи маңызы .....	67-72

<i>Б.У.Уахитов</i>	73-74
Амангелді ауданында кездесетін жер-су атауларының тарихи мәні ..	
<i>Г.Т.Елтебаева</i>	74-79
Тарихи жәдігер - халық қазынасы .....	
<i>Х.Досжанов</i>	79-83
Қайран Қызыл қозым-ай! .....	
<i>О.Алмат</i>	84-85
Арқалық топонимикасына шолу .....	
<i>Г.Р.Ахметжанова</i>	85-86
Жангелдин ауданы бойынша өзгертілген елді мекендер мен көше атаулары .....	
<i>С.М.Кадиришинов</i>	86-88
Амангелді ауданында елді мекендер мен көше аталуындағы кездесетін мәселелер .....	

**Тоғызак** - Қостанай облысы Қарабалық ауданының жерін онтүстікten солтүстікке қарай бөліп ағатын өзеннің аты. Орал тауының шығыс жағында жатқан шағын-шағын қыраттардан басталатын бұл өзен туралы кезінде зерттеушілер П.С. Паллас, И.А. Кастанье, т.б. бұл өзенди «Ұлы Тоғызак» дейді. Үш саладан: «Жоғарғы Тоғызак», «Ортанғы Тоғызак» және «Төмөнгі Тоғызак» деген аталатын бұл өзен бір салаға қосылғаннан кейін Үй өзеніне барып күяды.

«Тоғызак» атауының (гидронимінің) шығуы туралы біраз жорамалдар бар. Біреулер, ертеректе Тоғызак өзенінің бойында тоғыз ақ үй болған десе, Б.Бектасова «Тоғызак» дегеніміз ертеректе осы маңды мекен еткен рулар бірлестігінің аты деген тұжырымдайды (60. 72.).

Біздінше, «Тоғызак» атауының шығу тегін ертеректе қазақ даласында қалыптасқан «Оқ»-тан, болмаса «Тоғыз оғыздан» іздеуіміз керек сияқты. Бұрын руды «оқ» деген. Сонда «Тоғызатқағы» «оқ» ру болса, «тоғызы» сол тоғыз рудын бірлестігі деген түсінген жөн. Тек заман өзгере рудың аты болып табылатын «оқ» - «ақ» болып өзгеріп кеткен. Олай болса, «Тоғызак» дегеніміз ертеректе сол маңда өмір сүрген «тоғыз рұлы ел» деген сөз. «Тоғызок», немес «Тоғыз оғыз» гой.

**Тосын.** Тосын құмы жайлы Қазақ ССР-і Мемлекеттің сыйлығының лауреаты, атақты ақын Fafu Қайырбеков: Торғай атрабының ең бір сұлу жері-Тосын. Қайдан, қалай шаққан ат екенін кім білсін, бұл жағалай тау-тау құмның іші бір кездерде де қысы-жазы бауырынан сүт, құт иісі аңқыған мол сая, жылы пана, шебі шүйгін, су бал дегендей жұмақ коныс. Баяғыда Асан - қайға «эттең, атқа өңгөріп әкететін жер екенсің, канжығама сыймайсың-ау деген өкінген екен, деген жазған еді (70. 84) Fafu Қайырбеков. Алыс та жақын жағалauлар. Алматы. Білім. 2001.-224).

Менің ойымша - «Тосын», алысты арапал, бар салаларының суларын қосып алып, әбден шаршап келген Торғайдың сүйн тосып алып, бойына сініріп, сіңбегенін, артылып қалғанын әрі қарай - Су аяғы құрдымға қарай жөнелтетін құм-сүзбе. Содан да болар Тосынның сүй жер бетіне өте жақын жатады. Содан да ол жер құм да болса, өте бай. Сулы жер-нұлы жер деген осы болар. Ол - Тосын құмы.

**Шортанды** - Жітікара ауданындағы бар болғаны 60-70 шақырымға дейін созылып жатқан шағын өзен. Біз балалық шағымызда «Шортанды» дегенді «Шортаны көп өзен» деген ойлайтынбыз. Рас, біздің бала кезімізде бұл өзенде шынымен де шортан көп болатын. Бірақ, өзенге бұл атап шортаны көптігінен берілмеген екен. Ертеректе (8 - 9 ғасырларда) бұл жақты толып жатқан қыпшақ тайпалары мекен еткен. Солалардың біреуінің аты - «Шортан қыпшақ» болса керек. «Балық» - заманында біздің жақтан батыска - Еуропа жаққа қошкен біраз қыпшақ тайпаларының тотемі, әлде атавы болған. Яғни, ел ол қыпشاқты

«Шортан қыпшақ» деген атаған. Шортан қыпшақтар батыска көшіп кетіп, еуропалықтардың арасына сіңіп кетсе де, біздің жақта олардың аттары қалып отыр.

**Шұбалан.** Торғай селосына жете берісте «Шұбалан» деген шағын ауыл бар. Бұл елді мекеннің тарихы тереніректе - атақты батыр Шақшак Жәнібектің заманында жатқанға ұксайды. Торғай селосының маңайындағы жерлердің барлығы сол ұлы кісінің соңына ерген батырлардың есімдерімен тікелей байланысты. Торғай селосының тұсындағы Торғай өзенін жергілікті халық осы құнға дейін Тенізбай суваты дейді. «Тенізбай» деген отырганымыз, Шақшак Жәнібектің жан серігі - «Мергеннің» азаң шакырып қойған аты. Бұл батыр нағыз қол мерген болған көрінеді. Содан оған «Мерген» деген лақап ат берілген екен. Шақшак Жәнібектің екінші бір серігі, ол - Шобан. Жыл мен құннің қай мезгілінде болмасын адастырмай жол табатын Шобанның атында біздің облыстың көлемінде уш жер бар. Олардың бірі Сарықопаның бойындағы Шобан ауылы, екіншісі - Әулиекөл ауданындағы Шобан көлі де, үшіншісі осы біз әңгімелеп отырган Шұбалан. «Шұбалан» дегеніміз - «Шобанның алаңы» дегеніміз. Тек, біртіндеп қыскарып - «Шұбалан» болып кеткені болмаса, сол атақты Шобанның атындағы елді мекен.

## ЖЕР ТАРИХЫ – ЕЛ ТАРИХЫ

**Жақып Қалқаман ХАСЕНҰЛЫ**

*А.Байтұрсынов атындағы*

*ҚМУ профессоры*

Тіл қандай көне қоғамдық санаға жатса, ата-мекен, жер-су атаулары да сондай есте жоқ ескі замандар қатпарында жатқан, мәңгілікке сақталған тарихи сана.

Қазіргі кезеңде қоғамдық пікірде тарихи сана мәселеісіне үлкен мән беріліп отырганы заңды. Әсіресе бүгінде ел етек-жөнін жинап, егеменді еліміздің іргетасы қаланып, дамыған елдер қатарына батыл қадаммен бара жатқанда өз ұлтының өткен тарихына үніліп, зерделеп зейін қойып ұқыптылықпен білуге ұмтылу да құлтарлық іс.

Қазақстан елін дүние жүзі табиғат байлығы мол елдер қатарына жатқызады. Ол дұрыс па? Дұрыс. Ал жерді, жер астындағы байлықты ғасырлар бойы қорғап келген сол жер үстіндегі байлықты – қазақ халқын, оның тарихын, кімдер біліп, қалай қабылдан жатыр?

Біз өз тарихымызды өзгелер тұрмак өзімізге толық таныта алмай келеміз. Өзінің тұған жерінің, есken өлкесінің, ер жеткен елінің тарихын білмеген, бағаламаған адам Отанының адап ұлы бола алар ма екен?!

Байлықтың байлығы – ол ұлттың бік рухы. Елдің өзін өзі сыйлауынан үлттың ер сезіні. Осы тұрғыдан қозғау салып, пікір тартар толғагы жеткен мәселенің бірі – халқымыздың кіндік қаны тамған ата мекен, жер атаулары жайында. Себебі, географиялық жер атаулары ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауысып тұрақтанған «Жер тарихы – ел тарихы» деп танылған тарихи сананың бір көрінісіне жатады. Ұлы жазушымыз М.Әуезов: «Біздің казақ жер аты, тау атын әмандада сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жүрт. Қайда, қандай бір өлкелерге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» десе, халқымыздың біртуар перзенті Ш.Уәлиханов: «Коне түркі салт-сана, әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда әмірдің бар саласын қамтитын тарихи оқигалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» деп жер-су атауларын елдің болмысы, салт-дастурі, тілі, діні екенін, ешқашан жөн-жосықсыз, ойсыз-мәнсіз кездейсоқ қойыла салмағанын еске салады. Орыстың көрnekі жазушысы К.Г.Паустовский «Жер атаулары дегеніміз – халықтың өз елін ақындық тілмен бедерлеуі. Бұлар – халықтың мінез-құлқы, тарихы, ой-аңдары мен тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы сыр шертеді» деген екен.

Олай болса тарихи сана үзілген жерде рухани тіршілік те үзіледі дегені емес пе? Осыны үнемі есте ұстайық. Жер атаулары, ел атаулары кездейсоқ нәрселер емес, олардың да әмірғе келер өзіндік объективтік заңдылықтары бар. Қандай мемлекетте болмасын, қандай ұлтта болмасын елді мекен, жер-су атаулары кездейсоқ мағынасыз аталуы мүмкін емес, олар себепсіз әмірғе келмейді, екі шартты алға салып келеді. Олар – **себептілік** пен **тұрақтылық** және бұл атаулар негізінде әр кез географиялық сипаттамаға немесе тарихи уақыгалармен тығыз байланысты болып келеді. Мысалы, Қаражар, Шиелі, Сұлуағаш, Қызыбель, Бестөбе, Қамыстықөл, Тайсойған, Найзакескен, Қалмаққырған, т.с.с. және олардың ғасырлар бойы өзгермей тұрақты аталуы.

Жақында Қостанай қаласының іргесіндегі Тобыл өзенің жағасындағы «Инспектор көлін» біреулер жеке меншігіне алған. Ол көлдің атауы Ұлы Үстаз, агартушы Ыбырай Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты. ІІ. Алтынсарин кесенесі мемлекеттік деңгейдегі қандай құнды тарихи орын болып саналса, осы көл де сондай деңгейдегі орын емес пе? Ал бүгінде ол көл аты «Безымянное» деп өзгерілгенін ел болып түсінбей отырмыз. Біріншіден, бұл мемлекет корғаудың болуга тиіс тарихи орынды сатуға кім рұқсат берген? Екіншіден, қандай мекеме, қашан, не себепті атауы бар көлді

«Атаусыз» (Безымянное) деп жариялаған? Тіпті ІІ. Алтынсарин зиратына бара жатқан жолда көл жиегіне «Безымянное» деп жазып та қойған.

Жер, су нысандарын сатып алу, жалға алу - нарық қоғамының айнымас заңы. Ал жер бола ма, көл бола ма оларды жеке меншікке бергенде ешқашанда оның ежелгі тарихи атауын өзгерптеу тарихымыздың айнымас заңы. Себебі ол халқымыздың тарихы, біздерден бұрынны жүздеген, мындаған жылдар бұрын тарихи оқигалардың, табиғи көріністердің негізінде әмірғе келіп, ұлттық санамызыда сақталған, ақындарымыз жырлаған, жүректерімізде жатталған.

Соракысы сол, облысымызды шығатын «Учительский плюс» [2013ж. №34 20 қыркүйек, 8 бет.] газетінде былай деп жазылған: «Долгое время озеро называлось Безымянным и сейчас речь идет о возрождении названия Инспекторское, закрепившегося в народе, когда здесь жил ІІ.Алтынсарин – инспектор казахских школ в Тургайской области..». Осындаид үят нәрселерге неге өзіміз жол береміз? Әлде бұл заманда сатылмаған нәрсе қалмағаны ма? Осы жағдайды дұрыстау керек. Қажет болса «Жер», «Табиғатты қорғау», «Ономастика», «Тіл туралы» заңдарға шұғыл өзгерістер енгізу керек шығар.

Жердің атауымен сол жерде тұрган елдің атауы сәйкес келе бере ме? Келмесе сәйкестендіру қажет пе? Бүгінде нарық заманында ауылдағы қожалықтың аты жер атымен, ел атымен атальп жатса қателігі жоқ, ал сол қожалықтың атымен тарихи жер аты, ел аты өзгеріп жатса бұл дұрыс емес.

Ғылыми әдебиеттерде халықтық, отаршылдық, әміршілдік негізінде пайда болған атауларға жіктеліп, нақты ұғымдар ретінде қалыптасу үстінде.

Халықтық атаулар деп негізінен қай жер, қай халықты алып қарасақ та онда қолданылатын географиялық жер атауларын сол жерді мәңгілік жайлап келген халықтың атап қалыптастырыған елді мекен, жер-су атауларын ұғынамыз. Мысалы, облысымыздығы Карабалық ауданын алайық. Онда бүгінгі ресми атаулардың орнында тарихи атаулар халық жадында сақталған. Атап айтсақ Гурьяновка – Арық, Веселый Кут – Алдияр, Ельшанка – Шолан, Котлованный – Еңбек, Белоглинка – Мыңбай, Научный – Қыпшақ жері, Святославка – Еркіншілік, Дальний – Сұлікті, Подгородка – Сомжүрек, Новотроицк – Шаған, Борисовка – Ақтасты, Огнеупорный – Иманбай, Победа – Бірлік, Лесной – Қызыл шырпы, Славянский – Қарағайлы, Рыбкино – Жадыра. Ал енді бұл атауларды не істейміз? Бірден бәрін өзгертеміз бе немесе біртіндеп пе? Әлде солай қала ма? Бұл сұраптарды қойып отырған себебім – заңымызыда елді мекендердің атауларын өзгерткенде дауысқа салу керектігі айтылған. Жаңа ауылға атау беріліп жатса дұрыс, ал ықылым заманнан келе жатқан жердің де, елдің де тарихи атауларын қайтаруда дауысқа салу дауға салу дер едім.

Біздер бірінші кезекте кезінде саясаттандырылған, идеологияландырылған атаулардан арылып, тарихи атауларды қайтарып